

**8D01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі**  
**білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторант**  
**Баймухамбетова Куралай Мыктыбековнаның**  
**«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін**  
**инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы**  
**диссертациясының**  
**АҢДАТПАСЫ**

**Зерттеу тақырыбы:** Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау

**Зерттеу мақсаты:** қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, әдістемелік жүйесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелдеу.

**Зерттеу міндеттері:**

- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мазмұны мен құрылымын нақтылау;
- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесін дайындау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелдеу, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

**Зерттеу әдістері:**

*-теориялық әдістер:* философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге ғылыми-теориялық талдау, жинақтау, контент-талдау, құрылымдау, салыстыру, нақтылау;

*-эмпирикалық әдістер:* диагностика, педагогикалық бақылау, сауалнама, тест, математикалық-статистикалық өңдеу, нәтижелерін графикалау.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

1) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері – болашақ педагогтің кәсіби ойлауының, әдістемелік икемділігінің, жаңашыл педагогикалық шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуын қамтамасыз ететін біртұтас ғылыми жүйе; әдіснамалық тұрғыдан жүйелілік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, акмеологиялық және инновациялық тұғырлардың өзара сабақтастығы; қазақ тілін оқыту мазмұнының кәсіби даярлықтың мазмұндық өзегі ретіндегі қызметі; инновациялық кәсіби іс-әрекеттің педагогикалық жағдаяттарды жаңаша пайымдау мен тиімді шешу сапасы; педагогикалық үдерісті жаңғырту талаптарына сәйкес кәсіби даярлық құрылымының ғылыми негізделуі.

2) «*Кәсіби іс-әрекеті* - тұлғаның белгілі бір мамандық аясында кәсіби міндеттерді орындауға бағытталған, теориялық білім, тәжірибелік білік, құндылық бағдары, кәсіби жауапкершілік негізінде жүзеге асырылатын нәтижеге бағдарланған құрылым»; «*Инновациялық кәсіби іс-әрекет* - маманның кәсіби міндеттерді жүзеге асыру барысында кез-келген тәжірибені жаңғыртып, жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды, цифрлық және шығармашылықты қолдану арқылы кәсіби нәтижелілікті арттыруға және өзгермелі білім беру

жағдайына бейімделуге бағытталған, тұлғалық, креативтік және рефлексивтік сипаттағы үздіксіз дамуға негізделген саналы кәсіби қызметтер кешені»; «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау - қазақ тілін оқытуда білім алушылардың тілдік, коммуникативтік және танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында креативті педагогикалық әрекет тәсілдерін меңгеруіне, инновациялық әдістер мен технологияларды саналы таңдауға және тиімді қолдануға, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын кіріктіруді қамтамасыз ететін кәсіби-педагогикалық үдеріс».

3) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мақсаттылық-мотивациялық, мазмұндық-процессуалдық және инновациялық-іс-әрекеттік компоненттерге негізделіп, кәсіби даярлықтың мазмұнын жүйелеуді, педагогикалық әрекетті ұйымдастырудың логикасын айқындауды және болашақ мұғалімнің инновациялық кәсіби даярлық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдер, көрсеткіштер мен деңгейлердің динамикалық байланысы.

4) Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жоғары оқу орнының 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасында «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курстың тәжірибеден өткізілуі мен «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралын тәжірибеге енгізілуі; қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау әдістемелік жүйесі тиімділігінің дәлелденуі.

#### **Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:**

- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;
- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланды;
- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі дайындалды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыс арқылы дәлелденді, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

#### **Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:**

– *бірінші нәтиженің жаңалығы* - қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық - әдіснамалық негіздерінің айқындалуымен маңызды, болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұнын жаңғыртуға және педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруге ықпал етеді;

– *екінші нәтиженің жаңалығы* – қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау түсінігінің мазмұны мен құрылымын нақтылануымен маңызды, қазақ тілін оқытуда мұғалімнің кәсіби ойлауын, оқыту стилін және цифрлық технологияларға негізделген білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми негізін құрайды.

– *үшінші нәтиженің жаңалығы* – қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-

мазмұндық моделінің әзірленуімен маңызды, модельдің компоненттері мен өлшемдерін оқу үдерісінде қолдану жоғары білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыруға және болашақ мұғалімдердің инновациялық құзыреттілігін дамытуға бағытталады;

– *төртінші нәтиженің жаңалығы* – әдістемелік жүйенің дайындалып, оның тиімділігінің тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеріп, нәтижелерін сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер арқылы дәлелденуімен, ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуімен маңызды, қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби даярлық деңгейі сандық, сапалық және диагностикалық көрсеткіштер бойынша оң өзгеріс динамикасымен айқындалады.

#### **Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:**

«Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курсы бағдарламасы дайындалып, тәжірибеден өткізілді.

«Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралы әзірленіп, оқу үдерісіне ендірілді. Оқу құралы жоғары оқу орындарында білім алып жатқан бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенттеріне, магистранттарға, бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік алынды (20.05.2024, № 46033).

Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен ұсыныстар болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары және кәсіптік педагогикалық оқу орындарының білім беру үдерісінде, бастауыш мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруда қолдануға болады.

#### **Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.**

Диссертациялық зерттеу жұмысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты бекіту туралы бұйрығы мен Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы бұйрығы - болашақ мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін, заманауи әдістер мен инновациялық технологияларды меңгеруін және оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыруын қажет етеді. Аталған нормативтік құжаттарға сәйкес, «Қазақ тілін оқытуда инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты арнайы курс бағдарламасы, «Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі» атты оқу құралының мазмұны бастауыш білім мен ғылымның даму бағыттарына сәйкес келеді.

#### **Докторанттың әр басылымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.**

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 16 ғылыми еңбек жарияланды. *Оның ішінде:* 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымда (Q1, 84% процентильді); 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған; 5 мақала Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған; 5 мақала шет елде ұйымдастырылған

халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарында жарияланған; 1 оқу құралы жарияланған. Олар:

1. Evaluating the Relationship Between Pre-Service Teachers' Artificial Intelligence Readiness and Professional Self-Efficacy. *Education Sciences*. ISSN 2227-7102. 2026, 16(1), 43; <https://doi.org/10.3390/educsci16010043> Q1 және процентилі – 84; (Докторанттың үлесі – зерттеу жүргізу, нәтижелерді өңдеу, мақала мәтінін жазу, 60%; қосалқы авторлардың үлесі: Үбыраймжанов К. зерттеу концепциясын әзірлеу 10%; Moldabek К. зерттеу әдістемесін әзірлеу 10 %; Akhatayeva U. тілдік және стильдік редакциялау 5%; Zhetkizgenova A. статистикалық талдау 5%; Uaidullakyzu E. жұмыс тұжырымдамасы мен дизайнын жасау 10%);

2. Инновациялық технологиялар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің инновациялық кәсіби іс-әрекетін қалыптастырудың құралы ретінде. Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. -2023. - № 1. - 175-191 бб. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.68.1.012>. <https://bulletin-pedagogical.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/690/433> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы автор: Есназар А.Ж. – 15%);

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілін оқыту арқылы инновациялық кәсіби іс-әрекетке даярлау» атты элективті курстың маңыздылығы. «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация». - 2023. - № 3. -147-157 бб. DOI: 10.52269/22266070\_2023\_3\_147. <https://ojs.ksu.edu.kz/index.php/3i/article/view/559/470> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Ыбыраймжанов К.Т. – 10%, Ирсакова М.А. – 5%);

4. Determination of the content level of innovative activity in the preparation of future primary school teachers for the professional specialty. Abai Kazakh national pedagogical university. *Journal «Pedagogy and Psychology»*. -2023. -№ 4. - P.50-58. <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1377> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраймжанов К.Т. – 10%);

5. Профессиональная подготовка будущих учителей начальных классов: экспериментальная имплантация программы Dikolan. Вестник Торайгыров университета, Педагогическая серия. – 2025. - №1. – С. 115-128 <https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/storage/journals/369.pdf>. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы авторлар: Мауленбердиева Г.Б. – 5%, Кубеева М.А. – 5%);

6. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби даярлығын жетілдіру. С. Аманжолов атындағы ШҚУ 70 жылдығына арналған «Қазіргі сын-қатерлер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» «Уәлиев оқулары-2022» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. 2-бөлім. - Өскемен, - 16-17.09.2022. - 3-8 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраймжанов К.Т. – 10%);

7. The effectiveness of innovative activity in the formation of professional training of a future specialist through teaching the Kazakh language. *Quality Management: Search and Solutions. Materials of the VIII International Scientific-Practical Conference*. Seattle (WA, USA). - 23-25.11.2022. Volume II. -P.59-64. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Uzunboylu H. – 10%);

8. Заманауи білім берудегі инновациялық әдістердің қазақ тілін оқытуда қолданылуы. Профессор Қ.Б. Жарықбаевтың 95 жылдығына арналған «Психология және педагогика дамуының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары. - Алматы, - 17.11.2022. 390-392 бб.

(Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%);

9. Методологические принципы обучения казахскому языку для будущих учителей начальных классов. Актуальные проблемы науки и образования: материалы международного форума, посвященного 300-летию Российской академии наук. Часть 2. - Екатеринбург, - 12-13.12.2023. –С.326-332. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=54070567> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%, Дүйсекова М.Т. - 5%);

10. Жаңа формациядағы болашақ мамандарды кәсіби даярлау. Кентау гуманитарлық-техникалық колледжінің 15 жылдығына арналған «Жаңа Қазақстан: білім беру жүйесіндегі ізденіс, тәжірибе, нәтиже» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Кентау. –12.05.2023. 94-98 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Хусейн У. – 10%);

11. The current state of teaching the Kazakh language to future primary school teachers. Innovative scientific research Proceedings of the V International Scientific and Practical Conference. Toronto. -Canada. - 20-21.07.2023. -P.56-59. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 80%, қосалқы авторлар: Ibyraimzhanov K. – 10%, Uzunboylu H. - 10%);

12. Possibilities of preparing primary teachers for innovative professional activity in teaching the Kazakh language. IX International Scientific and Practical Conference «Current questions of modern science». - Tallinn, Estonia. -16-17.11. 2023. -P.26-30. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Uzunboylu H. - 10%, Dildabekova G. – 5%,);

13. Methodological system of formation of readiness for innovative professional activity of primary school teachers in the study of the subject "Kazakh language". *The modern vector of the development of science*. Proceedings of the XII International Scientific and Practical Conference. -Philadelphia, USA. -21-22.03.2024. -P.120-124. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 85%, қосалқы авторлар: Ibyraimzhanov K. - 10%, Yeszhanova G. – 5%,);

14. Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды тиімді пайдалану - уақыт талабы. «Білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен технологиялардың ғылымдағы мәні мен маңызы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Шымкент, - 25-26.04.2024ж. 78-82 бб. <https://univershu.edu.kz/media/attachments/2024/06/28/iv-.pdf> (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%, қосалқы автор: Ыбыраимжанов К.Т. – 10%);

15. Болашақ мұғалімдердің қазақ тілін оқытуға арналған инновациялық білім беру платформаларын қолдану дағдылары. «Тәшенев оқулары – 3: Цифрлық дәуір және Тәшеневтің көшбасшылық идеялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ғылыми мақалалар жинағы. – Шымкент, - 09.04.2025. 211-216 бб. (Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%);

*Ғылыми кеңес ұсынған оқулықтар, оқу құралдары*

16. Қазақ тілін оқытуда болашақ бастауыш мұғалімдерін кәсіби даярлаудың инновациялық әдістемесі. Оқу құралы. - Шымкент: Қызмет баспасы, - 2024. - 105 б. ISBN 978-601-81118-8-4. (Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі – 100%).

Барлық жарияланымдар диссертациялық жұмыстың мазмұнымен тығыз үйлесетін зерттеу барысында жазылған. Алынған зерттеу нәтижелері докторанттың дербес еңбектері болып есептеледі.